

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 ақпандағы N 241 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 8 сәуір N 540

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын мерекелеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 ақпандағы N 241 P000241_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне "1941-1945 жылдардағы соғыс ардагері" бірыңғай үлгідегі естелік белгілерді, олардың куәліктерін жасауға мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру үшін, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан құттықтаумен бірге бір қаржы көзінен откритка сатып алуға, сондай-ақ көліктік қызмет көрсетуді ескере отырып, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы құрметіне бір қаржы көзінен естелік сыйлықтар сатып алуға 147 600 000 (бір жүз қырық жеті миллион алты жүз мың) теңге;

2) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын мерекелеу құрметіне Астана қаласында әскери парадты дайындау және өткізу үшін мемлекеттік органдардың басшылары бекіткен сметаға сәйкес парадқа қатысатын:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне 53 000 000 (елу үш миллион) т е ң г е ;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне 3 200 000 (үш миллион екі жүз мың) т е ң г е ;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне 2 300 000 (екі миллион үш жүз мың) теңге;

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына 1 200 000 (бір миллион екі жүз мың) т е ң г е " ;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне полиграфиялық қызмет көрсетулер кешенін сатып алуға 440 000 (төрт жүз қырық мың) теңге бөлінсін";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне Астана қаласынан

естелік сыйлықтарды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулының 1-тармағына сәйкес қаражат бөлініп отырған мемлекеттік органдар 2000 жылғы екінші тоқсанның қорытындылары бойынша қаражаттың пайдаланылғаны туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне есеп берсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.